

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY  
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022**  
**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**  
**ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**PROCEEDINGS**  
**of the international scientific and practical conference**  
**«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE**  
**INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»**

**Астана қаласы**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
А 94

*Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

**А 94** **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

### Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. -448б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. - Семей, 1927. –27-32 б.
3. О.Жұбаева. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттардың А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі көрінісі. «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқуқұралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай ғылыми-әдістемелік G-Global платформасындағы онлайн-семинар материалдары (2017 жылдың 12-19 қаңтары). - Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. -165 бет.
4. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 783 б.

### «БАБЫРНАМА» ТОПОНИМИКАЛЫҚ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ

ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант  
Астана, Қазақстан

**Аннотация.** Лингвистическое изучение топонимов позволяет выявить разные стороны определенного языка и народа. Произведение Захириддина Мухаммеда Бабура «Бабурнаме», написанное на чагатайском языке, считается уникальным источником в изучении топонимов и их истории. Здесь зарегистрировано более тысячи географических названий: стран, городов, деревней, дворцов, полей, гор, перевалов, ручьей, рек, перевалов, озер, родников, пастбищ и других топонимов. В данной статье рассматривается значение произведения «Бабурнаме» как топонимического источника. В исследовательской работе рассмотрено происхождение топонимов Кеш (Шахрисабз), Шаш (Ташкент).

**Abstract.** The linguistic study of toponyms allows us to identify different aspects of a particular language and ethnic group. The work of Zahiriddin Muhammad Babur «Baburname», written in the Chagatai language, is considered a unique source in the study of toponyms and their history. More than a thousand geographical names are registered here: countries, cities, villages, palaces, fields, mountains, passes, streams, rivers, passes, lakes, springs, pastures and other toponyms. This article discusses the importance of the work «Baburname» as a toponymic source. The research work considers the origin of the toponyms Kesh (Shakhrisabz), Shash (Tashkent).

**Key words:** Babur, Baburname, toponym, oikonym, etymology.

Захириддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) – Тимуридтер дәуірінің соңындағы жарқын өкілдердің бірі. Шығыс әдебиетіндегі өмірбаяндық жанрдың жаңашылы болған талантты жазушы, тарихшы, географ, этнограф, ақын XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басындағы Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістанның тарихына, әдебиетіне, географиясына, этнографиясына орасан зор үлес қосты. Аса дарынды, көп қырлы автор өзінің туған жері Ферғананың ғана емес, Орталық Азияның басқа да аймақтарының саяси-әкімшілік құрылымын нақты сипаттайды, табиғатын, флорасы мен фаунасын сипаттауға көп көңіл бөледі, топонимиканы және жаулап алған аймақтарына географиялық сипаттама беріп, сол кезде қолданыста болған көптеген тарихи терминдердің этимологиясын береді.

Бабыр жазбаларында 1494-1528 жылдар аралығындағы оқиғалар хронологиялық түрде қамтылған. Оның жазбалары үш бөлікке бөлінген: «Ферғана», «Кабул» және «Хиндустан». «Бабырнама» ғылым үшін маңыздылығы даусыз. «Бабырнама» еңбегіне қатысты әдеби, әсіресе, лингвистикалық зерттеулер жүргізілгенімен, аталған туынды әлі толық зерттелмеген деп есептейміз. «Бабырнама» тарихи терминдер мен ұғымдардың, атап айтқанда, әкімшілік-құқықтық және әскери, топонимия, этимология, этнонимия т.б. салалардағы ғылыми зерттеулерге кең өріс ашады.

Географиялық атаулар – әр түрлі тарихи жағдайлар мен оқиғалардың куәгерлері. Көптеген ғасырлар бойы сақталып, олар өздерінің жасаушыларынан, өздері шыққан тілден де ұзақ ғұмыр кешеді. Географиялық атаулардың пайда болуы кездейсоқ үдеріс емес, бұл – өткен ұрпақтардың ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінің жемісі.

Топонимика географиялық атаулардың шығу төркінін, олардың мәні мен өзіндік ерекшелігін анықтау, қалыптасу және өзгеру тарихын қарастырады. Ол тіл білімімен, тарихпен, тарихи географиямен тығыз байланыста. Топонимика лингвистикалық ғылым ретінде тіл тарихына, тарихи лексикологияның сөзжасамына материал береді. Кез келген территориядағы топонимдердің жиынтығы оның топонимиясын құрайды. Топонимикалық материал белгілі бір өлкенің, ауданның тарихын, оның шаруашылық түрлерінің дамуын, қоныстану сипаты мен тарихи-географиялық ерекшеліктерін зерттеу үшін таптырмас дереккөз ретінде қызмет етеді. Бүгінгі таңда топонимиканың қолданылу аясы біршама кең және ол белгілі бір құбылысты түсіндіруге ықпал ететін тарихи ғылым ретінде әрекет етеді.

Географиялық атауларды зерттеуде тарихи еңбектердің маңызы ерекше. Захириддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегі де осындай асыл дереккөздердің бірі. Мәселен, З.М.Бабырдың «Бабырнама» еңбегінде Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістанның табиғатын, фаунасы мен флорасын сипаттауларымен қатар, географиялық, топонимикалық, этнографиялық мәліметтер көрініс тапты. «Бабырнама» - ел атауларына, ірі қалалар, облыстар, таулар, өзен-су т.б. атауларына бай еңбек. Бұны лингвист ғалымдар да растайды. Мәселен, Х.Хасанов [1, 62] пен Р.Расулов [2, 44] аталған еңбекте мыңға жуық топоним бар деп есептейді. Т.Нафасов та бұл жазба ескерткішінде 1100-ден астам географиялық атау тіркелген дейді [3, 39]. Ал Х.Х. Давурованың көрсетуінше аталған еңбекте Орта Азиядағы 1034 елді мекен атаулары келтірілген [4, 48].

С.А.Азимжанова былай деп жазады: «Бабыр Орта Азияның, Хорасанның, Ауғанстанның, Үндістанның ірі қалаларын егжей-тегжейлі сипаттайды. Оның Ферғана, Әндіжан, Самарканд, Бұхара, Кабул, Газни, Балх, Бадахшан, Дели, Девалпур, Лахор туралы деректері баға жетпес құнды, өйткені автор бұл қалалардың географиялық жағдайы, олардың сол кезеңдегі феодалдық шаруашылықта сауда-экономикалық рөлі туралы түсінік береді. Бабыр деректерін тарихшылардың соңғы мәліметтерімен салыстыра отырып, бұл қалалардың кейінгі ғасырлардағы өсіп-өркендеуін елестетуге болады. Бабыр сипаттаған Орта Азия қалаларының ішінде оның туған жері Ферғана аймағының қалалары: Әндіжан, Ақсы, Касан, Ош, Кандибадам, Исфара, Маргелан, Ходжент, Үзген ерекше орын алады, олардың ерекшеліктеріне ол егжей-тегжейлі тоқталады» [5, 11].

Тек Әмудария мен Сырдарияның әрбір жағалауында жүзден астам топонимдер берілген. Бұл атауларды жеке зерттеу топонимиканың барлық салаларында маңызды рөл атқарады. «Бабыранамада» қала атауларымен байланысты жерлер – полисонимдер жер-сулар. Мұндай ақпаратты қазіргі заманмен салыстыра зерттеу әлеуметтануда маңызды орын алады.

Бабыр энциклопедиялық еңбегінде ойконимдердің құрамына кіретін Соғды, Қаратегін, Ферғана сияқты атаулар халық тұратын уәлаяттар ретінде анықталады. Барын, Сағрийчи территориялары; Ұйғыр Мажам, Рабатек, Яр-яйлақ махаллалары; Таңғап, Сапан, Маян ауылдары; Ақканчгай, Алатау, Куба, Ақсу, Бурундучка, Пап қалалары т.б. туралы құнды мәліметтер келтірілген. Бұл ретте халықтың өзіндік географиялық аспектілері мен өмір салты туралы мәліметтер де беріледі. Мысалы, Ходжент пен Ура-Тепені аймақ ретінде былай сипаттайды: «Олар кітаптарда бұл қаланың бастапқы атауы Усрушна деп жазады, бірақ Усруш деп те айтады; Кейбіреулер Ходжентті Ферғананың бір бөлігі деп санамайды» [6, 33]. Бұл аймақтың атауын зерттеуде бұл мағлұматтардың тіл білімі үшін де, география үшін де, ол немесе басқа облыстың қай аймаққа жататынын қарастыруда маңызды екені анық.

«Бабыранамада» Пашагир, Сапан, Махан сияқты жерлер мен Хубан, Сако, Хисар және басқа да шағын қалалар сияқты бірқатар аумақтар жеке сипатталған.

Кітапта көптеген гидронимдер тіркелген. Мысалы, Зарафшан өзендері – Сейхун, Чир-Чирчик, Камруд, Кухак және Камруд арнасы. «Бабыранамада» оронимдердің құрамына кіретін Барокух, Мивагул, Масчо, Сир-и Тог, Олгу, Кухак тау атаулары берілген. Кухак белесі, Кон-и Гил алаңы және жергілікті ағынды сулар, бақтар сипатталған. Сондай-ақ агрономдер жүйесінде зерттеуге болатын Якчирак ауданы, Дихкат, Құлба жазықтары, Бұрқа жайлауы, Зердақ даласы сияқты атаулар берілген.

Енді кейбір топонимдерге жеке тоқталып өтейік. З.М.Бабырдың көрсетуінше, Кеш қаласының тағы бір атауы – Шахрисабз. Қазіргі кезде соңғысы ғана сақталып, қолданылып жүр. Шахрисабз (өзб. Shahrisabz) – Өзбекстанның Қашқадария облысының (уәлаятының) әкімшілік орталығы. Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Шахрисабз қаласының атауы тәжік тіліндегі «шаһар», «қала» мағынасын беретін «шаһр» сөзі мен жасыл түсті білдіретін «сабз» сөздерінен шыққан және сөзбе-сөз аударғанда «Жасыл қала» деп аударылады. Бұл атау XIV ғасырдан қолданыста. Бұған дейін қала «тұрғын үй, үй, қоныс» деген мағынадағы кеш (соғды. kəš) соғды атауымен белгілі болған. «Бабырнама» деректеріне сүйенсек, Кеш және оның төңірегі көктемде гүлденген келбетке ие болады, сондықтан қала Шахрисабз аталды. Кеш пен Шахрисабз атауы XV-XVI ғасырдың басында қатар қолданылған [7].

«Кеш» ойконимі – Қашқадария алқабының жоғарғы ағысында орналасқан Шахрисабз қаласы мен осы аттас егіншілік оазисінің көне атауларының бірі. Ерте ортағасырлық жазба деректерде қала мен оның аудандары Каш немесе Кашш, Кас немесе Кисс деген атаулармен аталады [8, 108].

Қытай деректерінде де бірқатар атаулар берілген: Сушие, Циши – Кеш ойконимі; Сесеван, Цзешуанна, Тйешуанна – Кеш қаласының үкіметі; Ши, Цзешу, Кюйша, Цюйша, Цзюйша – Кеш иелігі; Шигоу – Кеш мемлекеті [9, 316].

А.Р.Мухамеджановтың пайымдауынша, түрлі бастапқы дереккөздерден алынған тілдік деректер «Кеш» топонимінің бастапқы түрі «кас» немесе «кос» болып дыбысталғанын көрсетеді. Ал Орта Азияның, оның ішінде Қашқадария алқабының егіншілік аймақтарының тарихи географиясында «кас», «кос» немесе «косон» топоформанттары бар топонимдер мен гидронимдер жиі кездеседі (мысалы, Касби, Касдори, Косон, Косонсой, Косоната т.б. елді мекен атауларында).

«Кос» немесе «кас» лексемасы және оның синонимдік нұсқалары: «каш» немесе «кашш» және «кис» немесе «кисс» - соғды тіліндегі «кат-ката» немесе «кад-када» сөзіне барып тіреледі. «Үй» немесе «тұрғын үй» дегенді білдірсе де, өзбек-тәжік тіліндегі «хона» немесе араб тіліндегі «байт» мағынасынан кеңірек. «Кат» лексемасы үйлері көп, аулалары бөлек елді мекен немесе ауыл дегенді де білдірген.

Халық лексикасындағы «кат» немесе «кас» лексемасының соңғы «т» немесе «с» әрпі әдетте «ш»-мен алмасып, оның жаңа түрі «кеш» қалыптасқанын айта кеткен жөн. Демек, кеш, каш, кашш, кас, кос, кис, кисс тұлғалы топонимнің соғдылық «кат» немесе «кад» деген сөзден шыққандығы және олардың «қоныс» деген жалпы ұғымды білдіретін негізден туындағаны жайлы қорытынды жасауға болады [10, 49-51]. Бір қызығы, аталған сөз қазіргі кезде «хата» (үй) тұлғасында жаргон ретінде әлі қолданылып жүр.

«Бабырнамада» көп кездесетін топонимдердің бірі – Ташкент (бұрынғы Шаш, Чач). Бұл жерде Ташкент топонимінің негізінде «таш» (тас) пен «кент» (қала, қорған, бекініс) сөздері жатқаны дау туғызбайды. Ал Ташкент пен оның бұрынғы Шаш нұсқасы арасындағы байланыс жайлы бірнеше көзқарас бар.

Э.Шаванның көрсетуінше, б.з. V ғ. қытай деректерінде қала «Ши-го», яғни «тас мемлекет» деп аталған. Ғалым бұл топоним түркі тіліндегі «таш/тас» сөзімен байланысты деп есептейді [11, 140]. «Ши» тұлғасы мен «тас» мағынасы арасындағы байланыс жайлы пікірді К.Босворт, Е.Пуллейблэнк, К.Пужоль сияқты зерттеушілер қостайды [12].

Дегенмен ғалымдардың басқа тобы (К. Ширатори, Й. Маркварт [13]) Чач – Ши («тас») – көнетүрк. таш терминдерінің сәйкестігін қабылдамайды. Қытайлар Ташкент оазисінің мәдениетін соғдылық, яғни шығыс-ирандық деп санағанын негізге алған. Өзірге зерттеушілер чач сөзінің тек соғды тілінде ғана емес, иран тобының басқа тілдерінде де «тас» мағынасымен этимологиялық байланысын анықтаған жоқ. Осыған қарамастан, әдебиетте бұл терминнің соғды тіліндегі «тау» және «тас» мағынасымен генетикалық байланысы бар деген пікір әлі де бар [14, 56].

Керісінше, батыстық тарихи-лингвистикалық әдебиеттерде Чач атауының «тас» дегенді білдіретін прототүркілік терминнен шыққаны туралы пікірлер жиі кездеседі. В.Банг қашықтық ассимиляция арқылы ʃaš сөзі түркі тіліндегі taš тілінен шықты деген пікірді

ұсынады. Ғалым чуваш тіліндегі t'sul<\*čaš<taš үдерісіне сүйенеді [15, 50]. О.Прицак ғұн-бұлғар және шығыс түркі тілдерінің ерекшеліктерін салыстыра отырып, сюнну тілінде «тас» мағынасын білдіретін (Вэй-шу бойынша) še-še сөзінің \*čaš сөзінен шыққанын алға ұсынады [16]. Осылайша, прототүркі тіліндегі ең көне түрі <\*čalč чуваш тілінде čul сөзіне, ал басқа түркі тілдерінде – taš болып өзгерген. Осыған ұқсас тілдік трансформацияны прототүрік тіліндегі \*balč>bal/bač>baš «бас» мағынасындағы сөзінен де байқауға болады [17, 30].

Кейбір зерттеушілер Чач атауын көне түркі тіліндегі čäč/čeč «көгілдір ақық, көгілдір тас» деген мағынаны білдіретін тұлғамен байланыстырады. Мысалы, Ғ.Бобоёров IX-X ғасырлардағы көне түркі (сонымен қатар ұйғыр) құжаттарына және «асыл тас, көгілдір ақық» мағынасында кездесетін чеч/чәш сөзі бар Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» мәліметтеріне сүйенеді [18, 123-124], ал Ю.Ф.Буряков Шаштың оңтүстігіндегі Илақта орналасқан «кемінде б.з. I мыңжылдықтың бірінші жартысынан» өңделе бастаған көгілдір ақық кен ошағы жайлы мәліметтерді келтіреді [19, 8-9]. Шашқа қатысты геологиялық-археологиялық зерттеу материалдарын және Илақ кенішіндегі көгілдір ақықтың шығыс зергерлері тарапынан жоғары бағаланғаны туралы хабардар ететін ортағасырлық жазба деректерден алынған мәліметтерді қорытындылай келе, Ю.Ф.Буряков Чач иелігінің атауын «тас бекініс» емес, «асыл тас» ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл пікірді қолдаушылар бар [20, 18]. Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйене отырып, қытай жазба деректеріндегі Ши атауы шынымен де калькалау арқылы жасалған «тас» мағынасын білдіретін туынды сөз деп болжауға болады.

Бұл географиялық атаулар XV ғасырдың аяғы–XVI ғасырдың басындағы топонимдер және дүние жүзінің саяси картасында әлі сақталған. Бұл топонимдер бұрынғы атауын сақтап қалды, басқалары кейбір өзгерістермен қолданыс тауып жүр, ал үшіншілері жойылып кеткен және қазіргі кезде қолданылмайтын атаулар.

Қорыта айтқанда, топонимия тіл тарихын зерттеу үшін ең құнды дереккөз қызметін атқарады және тарихи лексикологияда, диалектологияда, этимологияда, лингвистикалық географияда қолданыс табады, өйткені кейбір топонимдер, әсіресе гидронимдер архаизмдер мен диалектизмдерді тұрақты түрде сақтайды. Ол халықтардың тарихи өткенінің ерекшеліктерін қалпына келтіруге, олардың қоныстану шекараларын анықтауға, тілдердің бұрынғы таралу аймақтарын, мәдени-экономикалық орталықтардың географиясын, сауданы т.б. керуен жолдары және т.б. туралы ақпарат береді. Сондықтан ел билеушісі, саясаткер, тарихшы, географ, этнограф, ақын З.М.Бабырдың «Бабырнама» еңбегі топонимикалық дереккөз ретінде құнды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Hasanov H. Bobur sayyoh va tabiatshunos. – Toshkent: O'zbekiston, 1983. – B. 62.
2. Rasulov R. Bobur – o'zbek tilining sofligi uchun kurashuvchi // ilmiy to'plam. – Samarqand, 2000. – B. 44.
3. Нафасов Т. Бобур – номшунос // Бобур ва ўзбек миллий маданияти. Мақолалар тўплами. – Тошкент, 2000. – Б. 39
4. Давурова Х.Х. Лексико-семантические особенности ойконимов Джизакской области // Российская тюркология – 2020. – № 1-2 (26-27). – С. 47-60.
5. Бобур-наме: Записки Бабура / перевод А. Салье. – Ташкент: АН УзССР, 1958. – 529 с.
6. Бобур З.М. Бобурнома. – Т.: O'qituvchi, 2012. – 280 б.
7. Пospelov E.M. Географические названия мира: Топонимический словарь. – М: АСТ, 2001. URL: <https://clck.ru/32L3BC>
8. Камалиддинов Ш.С. «Китаб ал-ансаб» Абу Са'да 'Абдалкарима ибн Мухаммада ас-Сам'ани как источник по истории и истории культуры Средней Азии / Под ред. П.Г. Булгакова. – Ташкент: Фан, 1993. – 210 с.
9. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. // Т. II. М.-Л.: 1950. – 334 с.
10. Мухамеджанов А.Р. Об ойкониме «Кеш», субстрате «кат» и их этимологии // Общественные науки и в Узбекистане – 2002. – №6. – С. 49-51.

11. Chavannes E. Documents sur les Tou-Kiue (Turks) occidentaux. СПб: Commissionnaires de l'Académie Impériale des sciences, 1903. – 378 p.
12. Pulleyblank E.G. The Consonant System of Old Chinese // AM, 1962. – P. 246-248; Bosworth C.E. Chach // Encyclopaedia Iranica. Vol. IV, London, New York, 1990. – P. 604-605; Poujol C. Tashkent // Enciclopedia de l'Islam. t. X.
13. Marquart J. Eranshahr nach der Geographic des Ps. Moses Xorebaci. Berlin, 1901. – P.154-155, n. 49; Shiratori K. A Study on Su-T'e or Sogdiana // Memories of the Research Department of the Toyo Bunko, 2, 1928. – P. 132
14. Мухаммаджонов А.Р. Қадимги Тошкент. Тарихий ва археологик лавҳалар. – Тошкент: Фан, 1988. – 61 б.
15. W. Bang ve G. R. Rahmeti. Oğuz Kağan Destanı: İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dili Semineri Neşriyatından. İstanbul Üniversitesi Yayınları, No. 18. İstanbul: Burhaneddin Basımevi, 1936. - 69 s.
16. Pritsak O. Türk-Slav Ortak Yaşamı: Güneydoğu Avrupa'nın Türk göçebelere // Türkler, 2, Ankara, 2002. – S. 509.
17. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка. / Под ред. Э. Р. Тенишева и А. В. Дыбо. – М.: Наука, 2006. – 912 с.
18. Бобоёров Ғ. Ўзбекистон худудида Қорахонийлар давригача бўлган қадимги туркий топонимлар // Марказий Осиёда анъанавий ва замонавий этномаданий жараёнлар, “Карим Шониёзов ўқишлари” туркумидаги халқаро илмий анжуман материаллари, 1 – қисм. Тошкент, 2005. – 117-129 б.
19. Буряков Ю.Ф. К динамике развития городской культуры древнего и средневекового Чача // Материалы научной конференции «Чач – Бинкет – Ташкент (историческое прошлое и современность)». – Ташкент, 2007. – 6-11 с.
20. Алимова Д.А., Филанович М.И. Тошкент тарихи (қадимги даврлардан бугунгача) – История Ташкента (с древнейших времен до наших дней). Ташкент: ART-FLEX, 2007. – С. 101.

*«Аталган мақала BR10965370 «Ўлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тогысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды»*